ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2025 жылғы 20 наурыз №7119-25-00-2/2177 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«SmartCall» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының жауапкер «SmartCall» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«SmartCall» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«SmartCall» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

Документ подписан: Бакишев А. Б., 20.03.2025
Дата вступления в законную силу: 02.05.2025, судья Бакишев А. Б., 02.05.2025
7119-25-3-1/1866

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Документ подписан: Бакишев А. Б., 20.03.2025
Дата вступления в законную силу: 02.05.2025, судья Бакишев А. Б., 02.05.2025
7119-25-3-1/1866